

Аллаһ Тағала о баста алдымен ер адамды -Адам атаны топырақтың ең асылынан одан кейін оған сүйеніш етіп әйелді Хауа ананы ер адамның оң жақ қабырғасы мен етінен жаратты. Міне, сол себепті адамдар арасындағы бауырластықпайды болды.

Аллаһ Тағала ер адамның әйелге деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігін үнемі сақтау үшін әйелдерді ерлерге қарағанда нәзік жанды, өте көркем, үлбіреген гүлдей етіп жаратады. Дегенмен, әйелдің еркекте жоқ қасиеті - ол ана болып жаратылған. Сондықтан адамзат баласы: «Ана - өмір, ана-ұстаз, ана-тірек, тек анада бар адал ниет, ақ жүрек», - деп түсінеді.

Осы нанымдылығы ақиқат, логикалық дәлелдеуді тілемейтін қағиданы (аксиоманы) жақсы түсінген қазақ халқы ежелгі заманнан бері қыз баланың тәрбиесіне өте - мөте мән берген. Мұның айғағы ретінде қазақта: «Ел боламын десен, бесігіңді түзе», - деген сөз бар. Яғни баланы туған күнінен бастап тәрбиелеу керектігіне дау айту қиын сияқты. Осы сөз орайында мына бір жайтты айта кеткен жөн. Кезінде сәбилі болған бір ана баласын қалай тәрбиелеу керектігін сұрап, үш күн өткен соң Лұқпан хакімге келген екен. Сонда хакім: «Үш күн кешігіп қалдың, сәбилі дүниеге келген сәтінен бастап тәрбиелеу керек еді», - депті.

Қыз бала балиғатқа толғанда «қыз» деп аталады. Яғни «қыз» дегеніміз күйеуге шықпаған бойжеткен қыз. Қыздың қоғамдағы орнын жоғары бағалаған қазақ халқы өте сүйкімді, бір міні жоқ ер баланы қыздан туғандай [қыздың баласындай]; өте әдемі, жинақы біткен істі қыздың жиған жүгіндей; мінезі жайдары, биязы, жұмсақ жігітті қыз мінезді дейтуғын болған. Қызды аса құрметтеген қазақ жеті қарақшы шоқжұлдызындағы жалтырап көрінетін жұлдызды да «Қыз» [орысша:Алькор] деп атаған.

Қазақ халқында қыз тәрбиесі жөнінде «Қызға қырық үйден тыю», «Қыз баққаннан қарға баққан оңай» деген нақыл бар. Осыдан-ақ халқымыздың әсіресе қыздың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінгенін аңғаруға болады. Сонымен бірге «қыз бұзылса - ел бұзылады», яғни көркі кетеді деп санаған. Себебі, жатты жақын, алысты ағайын қылатын қыз тұрмысқа шыққанда отбасының ұйытқысы, алтын дінгегі бола алмайды, ал дінгек шірісе, шаңырақ ортаға түседі. Сондықтан да қазақ: «Астың дәмін тұз келтірер, елдің сәнін қыз келтірер», - деп тегін айтпаған.

Байтақ әлемдегі халықтардың ішінде ешбір ақын, мәнінше, қазақ ақындарындай бойжеткен қыздың жан жақты қасиеттерін атап, келістіре сипаттай алмайды деуге болады.

*«Қолдай көр ақылды әркезде пір,
Болмасын жыр айтарда көңілде кір.
Жарандар, мақтайды деп сөге көрме,
Ғайниды сипаттадым жеткенше тіл.*

*Болсам да сұм жалғанда аз күн қонақ,
Ғашықтық дариясына салдым қармақ,
Ысықтың құралайы, ақша жүзді,
Сүйріктей түзу саусақ, қалам бармақ.*

*Оқалы берем бешбет үске киген,
Құрбыға сәлем беріп, басын иген.
Еділдің ақ бөкені Ғайни қызды,
Жігітке болмас арман таңдап сүйген.*

*Өзінің қарап бас пен аяғына,
Жылқының ұқсап жүздік саяғына.
Басында кәмішат бөрік, қолда жүздік,
Кигені қосай етік аяғына.*

*Данышпан, парасатты, амалды қыз,
Барабар ер жігітке табанды қыз.
Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт кесе,
Бұзарда қайраты мол, қамалды қыз.*

*Армандар қиялымен шарқ ұрар қыз,
Жігіттің ең тектісін жар қылар қыз.
Сөйлескен әр адамның тілін тауып
Басқадан ақыл-оймен артылар қыз.*

*Жайдай қас, оқтай кірпік, аққу қабақ,
Артықша көп қыздардан тұлпар сағақ,
Қимылы аса шапшаң, іске икемді,
Ешқашан қол қусырып, тұрмас қарап.*

*Мінеді өзі үйретіп, атты таңдап,
Сөйлейді жиын-тойда сөзді аңдап.
Арасы ағайынның ала болса,
Оны да бүтіндейді еппен жалғап.*

*Ғайнидың ойында жоқ ешбір қорқу,
Ақылмен жұмбақ шешер болмас толқу.
Қолынан Қалдыбай қызы тағы келеді,
Алаша, мойын орағыш, кілем тоқу.*


*Тоқиды белбеуді де, шекпенді де,
Қолданап шым оярада кетпенді де.
Шоп шабу, егін ору қолынан келеді,
Ұнатады арпа, бидай екенді де.*

Ән салса көмекейі бүлкілдеген.

*Қасына бір топ қызды еткен серік,
Айырықша оған біткен газжап көрік.
Жайқалып алтын сырға құлағында,
Өзгеше бикеш екен сертке берік.*

*Ер пішін, әсем басты, ат жақты қыз,
Беделді ел жұртына ардақты қыз.
Жеңілтек, шатынаған мінезі жоқ,
Әр істі ойлап шешер салмақты қыз.*

*Дұшпанға қарсы тұрар жүректі қыз,
Ғаріпке қорған болар білекті қыз.*



Қыздарымыздың тәрбиесі қақында



Сегіз серінің біреу білер, біреу білмес «Қыз сипаты» деген шығармасынан үзінді келтірмес бұрын, бұл өлеңнің шығу тарихын айтып өтелік. Халқымыздың тарихымен өнерінің ірі өкіл саналатын ақын, композитор, әнші, ел қорғаны батыр, нағыз бір туар тұлға Сегіз сері (Мұхамедқанафия) Бағрамұлы Шақшақов 1834 жылы Батыс Сібір генерал губернаторы П.Д. Горчаковтың шақыруымен Омбы қаласына барады.

Сонда Горчаков оны жылы қабылдап, жазалау жасағын басқаруды ұсынады. Себебі, ол Сегіз серінің соғыс ісіне өте шебер екенін, Омбыдағы Азиялық мектепте оқығанын жақсы білетін-ді. Алайда Сегіз сері бұл ұсынысты қабыл алмай, өзінің туған елін шабудан бас тартады. Сегіз сері патшаға қызмет студен бас тартып, Есіл өзенінің Қызылжар жағындағы тоғайында жасырынып жүреді. Бірақ ол бұл өңірде ұзақ жүре алмайтынын біліп, Батыс Қазақстандағы Жағалбайлы еліне қарай сапар шегеді. Осы сапарында ол Байұлының Ысық еліндегі Қалдыбай батырдың үйінде оның қызы Ғайнижамалға ғашық болады. Сонда оның осы қызға арналған «Ғайни» атты атақты әні дүниеге келеді. Сол жылы ол Ғайнижамалға арнап «Қыз сипаты» деген ұзақ өлеңін шығарады.

Енді біздің әңгімемізге арқау боларлық осы өлеңнен екібастұздық ата - аналар мен қыздарымыз таныс болсын деген мақсатпен төменде үзінді келтіргеніміз артық болмас.

Үлдеге, бүлдеге де оранған қыз,
Біріндей ер жігіттің бола алған қыз.
Құрбысын өнерімен меңгеріп ап,
Бағыттап түзу жолға сала алған қыз.

Жегені қазы, қарта, жая мен жсал,
Жетпейді бағасына дүние мал.
Секілді шекер-балдай тәтті қызға,
Бозбала талабы бар көздерің сал.

Аршын төс, сұңқар мойын, айбарлы қыз,
Ішінде құрбысының жайдары қыз.
Жаңылысқан пендеге жөн сілтейтін,
Алдырмас жоппеңдіге айлалы қыз.

Шолпысы шашындағы шылдыр қаққан,
Ғайни қыз қылығымен көпке жасаққан.
Етегі қазине көйлек дөңгеленіп,
Жазықта ақбөкендей бұлаң қаққан.

Көркем қыз ата-анадан үлгі көрген,
Ұзын қос білектей қып бұрым өрген.
Қосқанда домбыраға асқақ үнін,
Пернеде он саусағы аттай жселген.

Қараумен екі көзді талдырған қыз,
Жүрекке ғашық отын жандырған қыз.
Ат ізін суыттырмай көп келтіріп,
Жігітті әуреге салдырған қыз.

Қырандай аспанға өрлеп қалқыған қыз,
Жақсымен қосылуға талпынған қыз.
Жатқа да, жақынға да тым қолайлы,
Дегдардың шарапаты шарпыған қыз.

Шаштарып түнде жуып, күндіз тарар,
Қолына шарайна алып жүзін қарар.
Қап-қара екі көзі от-жалындай,
Пендеге бір көргенде қатты ой салар.

Қыздардың тобын бастар тым көсем қыз,
Тоқтатқан талайларды тым шешен қыз.
Кескіні, денесі де жұрттан бөлек,
Жұмбаққа, жаңылтпашқа ересен қыз.

Лебізі тәтті шәрбәт секілденген,
Орнымен ата-анаға еркелеген.
Мерген қыз, алғыр ойлы, сезімтал қыз,

Өзіне көп адамды баурап алар,
Өнерлі, білімі мол тіректі қыз.

Алладан адал жарды тілеген қыз,
Азуын көктегі айға білеген қыз.
Қағытқан ащы тілмен төрелерді,
Сөз тауып, ойын-тойда мінеген қыз.

Кілемге, текеметке, түс киізге,
Меңгерген Ғайни салу оюды да.
Ауылда ер азамат жоқ күндерде,
Атқарған қонаққа қой союды да.

Ел сөзін ілтипатпен құлаққа ілген,
Тайпалтып торы жорғаны көшке мінген.
Биязы, тым сыпайы, кермарал қыз,
Жарқырап ақ білегі сауады інген.

Мінезі сұлу қыздың жұртқа жайлы,
Шаруаны тындыруға аса ыңғайлы.
Әр іске бала кезден епті болып,
Ғайни қыз жақсылығын көпке жайды.

Кең маңдай, бота көзді, аққұба қыз,
Ерекше асыл туған аққұла қыз.
Қолаң шаш, жазық жасауырын қыпша белге,
Жігіттер көре қалсаң сұқтанарсыз.

Қыр мұрын, меруерт тісті, қызыл ерін,
Бойынан жұпар иісі аңқыған қыз.
Әзілге, қалжың сөзге сондай ұста,
Шаттанып, шабыттанып шалқыған қыз.

Сымбатты, оймақ ауыз, әдемі иек,
Тік дене, әсем құлақ, лағыл сүйек.
Мақтамен бауыздайтын өткір тілді,
Жүреді жастар жағын өзі билеп.

Мақпалға, беренге де малынған қыз,
Атағы ел құлағына шалынған қыз.
Ас пен айт, ойын-тойдың бәрінде де,
Аузына барша көптің алынған қыз».

Серік Жақсыбаев, Екібастұздағы академик
Сәтбаев атындағы инженерлік-техникалық
институттың профессоры

/Жалғасы келесі санда/

/Соңы. Басы газетіміздің өткен санында/

Осы үзіндіден тәрбиелі де өнерлі қазақ қыздарының имандылығы мен инабаттылығы жоғарғы дәрежеде екенін көреміз.

Бұрынғы-соңғы басқа қазақ ақындарының қыздарымызды сипаттаған өлең-жырларын, әрине, осы ойдың орайында түгел айтып шығу мүмкін емес. Дегенмен, жоғарыда сегіз сері айтпаған кейбір халыққа кеңінен белгілі төмендегідей өзгеше сипаттамаларды да танымдық мақсатпен айта кеткен жөн сияқты.

«Ақша жүзді, қалам бармақ, парасатты қыз; аршын төс, табанды, жайдары қыз; өнерлі, білімі мол, сөз тауып ойын-тойда мінеген қыз; ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, сұңғыла қыз; қыпша бел, түйғын тамақ, күлім көз қыз; қыр мұрын, аппақ тісті, тілі шекер қыз; меңді, назды үнді, жайдары, жаны таза қыз; мөлдір қара көзді, тал шыбықтай майысқан, жылы шырай келбетті қыз; бота көз, маралдың қолға түскен лағындай қыз; қоянның асыранды көжегіндей, жауған көз, жүзінен де сөзі тәтті қыз; жазық маңдай, аққұба, меруерт тісті, бойынан жұпар иісі аңқыған қыз; кең маңдай, жарлау қабақ, жазық жауырын, қолаң шашты, алғыр ойлы қыз; шынардай сұлу тұлға, денесі тіп-тік, инабатты қыз; әсем үн, жібек мінез, сөзі бал қыз; ақша маңдай, қалам қас, оймақ ауыз, ат жақты, әнші қыз; ұялы көз, жүзі жарқын, өрілген қос бұрымы білектей қыз; ақша тамақ, сымбаты хатқа сыймас көрікті қыз; ат жақты, ақ сұр жүзді, күлкісі жаз, сөзі бал, көркіне ақылы сай қыз; сүйіріктей түзу саусақ, қалам бармақ, ай бейнелі, райхан гүлдей асыл қыз; ай десе аузы, күн десе көзі бар хор қызындай сұлу қыз».

Міне, осынау айтылған теңеулерді оқып, қыздарын осыншама әспеттеп сипаттаған қазақ не деген ұлы халық деп таң қаласың. Рас, қазақ халқының қыз атаулыны жақсы көруі және олардың тәрбиесіне ерекше

дәстүрін сақтауы қандай дәрежеде деген мәселе-бар-шамызды бей-жай қалдырмайтын жауапты мәселелердің бірі деуге болады. Себебі, айтайын десем- елден ұят, айтпайын десем қайда сыяды демекші, соңғы жылдары Екібастұз қаласында мойындарына ұялы телефон ілген ерке тотай қыздарымыздың саны көбейіп бара жатқан сияқты. Атап айтқанда, бүгінгі күні кейбір қыздарымыз шылым шегіп, арақ-шарап ішіп, қысқа тар юбка, тылтпаған тар шалбар киюден өтіп, жартылай жалаңаш, кіндігін көрсетіп жүретін күйге түсіп барады. Мұндай батыс елдеріне тән сорақы қылықтар қазақ қыздарында ешуақытта болмаған. Бұған кінәлі, әрине, ата-ана, өзіміз. Осындай сөкет сәндікті кейбір адамдар қазіргі қоғам өзгерісі мен демократияға байланысты деп санайды. Бұл пікір мүлде дұрыс емес. Себебі, қоғам тек қана адам өмірін материалдық және рухани жағынан жақсарту мақсатында өзгеріске түседі. Ал, қоғам өзгерісіне байланысты адамның, оның ішінде қыздарымыздың рухани сұлулығы, мінезі кертартпа өзгеріске түспеуі тиісті. Сондықтан «кім не киім десе де, қалай жүрем десе де өз еркі» дегенді демократия деу-әрі қате, әрі ұлтымызды бүлдіру үшін айтылатын теріс пікір. Әркім өз ұлтына тән киімді киюге, сол тілде сөйлеуге құқылы болса ғана демократия болады. Ал, сұлу болып көрінеміз деп басынан бақайына шейін моншакталып, жарқырауық түйме-желбіреуіктермен шырмалған жалаңаш-жалпы киім-ұлттық киім емес.

Бытырғы жылы Қазақстан телеарна-



білмей, сасқалақтап қаласың. Бұтына қысқа тар шалбар киген, беліндегі жалпақ белбеуі салпылдаған, үстінде кіндігін жаппайтын ақ көйлегі бар сіріңкедей сыриған, бойы ұзын қызды көргенде қайда екен, шіркін, қазақи бойжеткен деп жүдейсің.

Жуырда орталық көшелердің бірінде келе жатқанда алдымнан 15-16 жасар бойы талдырмаш қазақ қызы мен жасы 60-ты алқымдап қалған қазақ әйелі шықты. Қыздың тізесіне жетпейтін қысқа тар ақ шалбары бар, оның былқ-былқ еткен бөксе тұсына қанаттары екі

көруі және олардың тәрбиесіне ерекше мән беруі тегін емес екені түсінікті де. Өйткені, қыз-болашақ ана, әйел. Ең бастысы, ана да біздің жүрегіміздей біреу-ақ. Сондықтан әр адамның жүрегі өзіне қандай қымбат болса, сондай-ақ ана да оған қымбат. Қорыға айтқанда, әйел-өмірдің алтын дінгегі. Әйел турасында Төле би: «Әйелің жақсы болса, бірінші-иманың, екінші-жиганың, үшінші-ырысыңның тұрағы», -деп тәптіштеп айтқан. Мәселенің түйіні, қыздың болашақ жақсы әйел болуы-өмір талабы. Яғни жақсы әйел ер адамға бүкіл дүние жүзіндегі жанды-жансыз әлемнің барлығынан да артық екені рас. Өйткені, еркектің жақсы атын да, жаман атын да шығаратын, оны бақытты қылатын да әйел. Осы ақиқатты «Ер-отбасының тірегі, әйел-жүрегі» деген аталы сөзбен түйіндеуге болады. Сондықтан әрбір бозбаланың арманы-жақсы бойжеткенге үйлену. Себебі, әр жігіттің бірінші байлығы денсаулығы болса, екінші байлығы- көп қыздардың ішінен таңдап алған жары. Мұндай байлыққа жету үшін алдымен жігіт пен қыздың арасында шынайы махаббат болуы шарт. Сонда екі жастың арасында мәңгілік махаббат орнайды. Ал, мәңгілік махаббат-мәңгілікке берілетін бақыт. Шынайы махаббат жолында жігіт те, қыз да: «Кім ақжарқын, әдемі, қылықты болса-сол әдемі; сұлу-сұлу емес, сүйгенің сұлу», -деген қағидаларды басшылыққа алғаны лазым, бұл турасында бұдан 936 жыл бұрын халқымыздың сан түрлі ғылымды меңгерген ғұлама ақыны Жүсіп Баласағұн: «Мамық болмай бөксе, мықын, білегі, мамық болсын-мінезі мен жүрегі», -деп жазған еді өзінің «Құтты Білік» атты дүние жүзіне белгілі кітабында.

Болашақ ана болатын қыздарымыздың бүгінгі жай-күйі, жан сұлулығы, рухани келбеті, көргендігі мен тәрбиесі және халқымыздың ежелден қалыптасқан

Бытырғы жылы Қазақстан телеарналарының бірінде Англияда жүздеген адамның(еркектер мен әйелдер) анадан жаңа туғандай тыржалаңаш күйінде көшемен шерулетіп өтіп бара жатқанын көрсетті. Міне, біздің кейбір басшы адамдардың, ұстаздар мен депутаттарымыздың ауыздарынан суы құрып айтатын «өркениетті» елдердің сикы осы. Бұл көріністі біздің телеарна көрсетпеуі-ақ керек еді. Өкінішке орай, әдейі көрсетті деуден басқа амалың жоқ.

Қыздарымыздың әдемі боламыз деп өзге елдің жастарына еліктеп киінуі-«ұят» деген ұғымды білмегендіктің салдары. Осы орайда ұят-иманға тән, ұяттан сұлу нәрсе жоқ екенін ұмытпайық. Сырт сұлулық әрқашанда ішкі инабатпен, иманмен, ибалықпен қабысып жатуы керек. Осыны әрбір ата-ана, ұстаздар қыздарға жалықпай түсіндіріп отыруы тиіс.

Қыздарға еліктеп жас келіншектер, тіпті егде тартқан әйелдер де тар шалбар киегінді шығарды. Бұларға мүлдем шалбар кимендер деп айтудан аулақпыз, тек талғам бұзылмасын. Ең бастысы, әрбір қыз, келіншек, не орта жастағы әйел дене бітімдеріне сәйкес өздеріне тар, қысқа, не ұзын кең шалбар немесе қысқа, кең, не ұзын тар шалбар лайық екенін айыра білгені жөн. Өйтпегенде, бойы тапал, денесі толық, құйрығы тым шығыңқы қыз болсын, не әйел болсын тар шалбар кигенде оның кіндіктен төмен тұлға-тұрпаты өте ұнамсыз екенін суреттеп айтуға аузың бармайды. Кейде көшеде жүргенде тұлғасы бес биенің сабасындай, емшектері аса торсиган, етіне жабысқан қысқа шалбар, кеудесіне, кіндігіне жетпейтін жұқалығы биттің қабығындай жеңсіз майка кигендіктен бөксесі ырғалып, құйрығы олай-былай бұлтындап, ышқырындағы қалың әшекейлі белбеуі қолпылдап, қарны салбырап, кіндігін ашып келе жатқан не қыз, не сары қарын әйел алдыңнан шыға келгенде қайда қашарынды

былқ-былқ еткен өөксе тұсына қанаттары екі жаққа жайылған самұрқтың аламыш суреті салынған, кеудесінде кіндігіне жетпейтін жеңсіз майка, кіндігіне жалтырауық бір затты таққан. Ал, қыздың жанындағы әйел де ұзын тар шалбар киген, үстіндегі жеңсіз ақ жұқа етімен ет болған көйлектен қос емшегі торсыып тұр, басында ақ шляпа, көзінде қара көзілдірік. Құдды Мексикадан келген әйел сияқты, бұл әйел бәлкім, жанындағы қыздың анасы да болар, осыны көріп, осындай алапес сәндікті қыз анасынан үлгі алды ма, әлде анасы қызынан үлгі алды ма деп ойлайсың.

Енді жалпы кіндік жөнінде айтсақ, оладамның ең қасиетті мүшесі. Қазақтың дәстүрі бойынша ер баланың кіндігін кескенде берік болсын деп дәл табалдырық түбіне көмеді, ал қыз баланың кіндігін сәл алысырақ апарып, өрісі ұзақ болсын деген ниетпен аяқ баспайтын жерге көмеді. Кіндікке кім көрінгеннің көзі түскіш келеді. Оған суық тез тиеді. Сонда қыз аналық қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. Ал, қазақтар бала тумайтын әйелден лақтайтын ешкі артық деп қатты айтқан. Ертеден қазақ қыздарының бойында бір құпия қасиет бар. Ол-аналық асыл қасиетін жанынан артық қорғайтын намысшылдығы. Ендеше қыздарымыз кіндігін ешкімге көрсетпеуі керек. Өйткені кіндік-адамның ең қымбат, ең қастерлі, ең қасиетті нүктесі. Асылы қыздар ата-баба үрдісін сақтап жүргені абзал.

Мәселенің түйіні, қыздарымыздың оқу орындары мен қоғамдық жерлерге жалаңаш-жалпы, тәнін ашып-шашып жүретін лыпамен келулеріне ата-аналар, мұғалімдер, колледж және институт басшылары болып тыйым салулары керек. Сөйтіп, қыздарымыздың бұлтың құйрық, ашық кіндік боп жүруіне шек қояйық, ағайын.

Серік Жақсыбаев, Екібастұздағы академик Сәтбаев атындағы инженерлік-техникалық институттың профессоры